

**Қазақстан Республикасы соттарының судьяларын аттестациялау туралы ережені бекіту туралы <\*>**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 24 мамыр N 3004. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.06.26. N 643 Жарлығымен. ~U010643

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 61-бабы 3-тармағының екінші абзацына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларын аттестациялау туралы ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің 1996 жылғы  
24 мамырдағы N 3004  
Жарлығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы соттарының судьяларын  
аттестациялау туралы  
ЕРЕЖЕ

## I. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 84-бабына сәйкес судьяларды аттестациялау соттарды тұрақты судьялармен жасақтау, олардың сапалық құрамын жақсарту, кәсіби біліктілігінің өсуіне баға беру және ынталандыру, істерді қараған кезде заңдылықтың нығайтылуы үшін жауапкершілігін арттыру, азаматтардың құқықтары мен қоғам мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

2. "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы күшіне енгенге дейін сайланған және тағайындалған Қазақстан Республикасының барлық соттарының судьялары аттестациялаудан өтеді. Бос сот лауазымдарына Жарлықта белгіленген тәртіппен тұрақты судьялар алынады.

3. Аттестациялауды жүргізу үшін Орталық және аймақтық аттестациялық комиссиялар құрылады.

Орталық аттестациялық комиссия Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын, сондай-ақ облыстық және соларға теңестірілген соттардың төрағаларын аттестациялауды жүргізеді.

Аймақтық аттестациялық комиссиялар Қазақстан Республикасы соттарының қалған барлық судьяларын аттестациялаудан өткізеді.

4. Орталық және аймақтық аттестациялық комиссиялардың құрамдарын Қазақстан Республикасының Әділет министрі мен Жоғарғы Сотының Төрағасы бекітеді.

5. Аттестациялауды жүргізу мерзімін Әділет министрі белгілейді.

## II. Аттестациялауды жүргізу тәртібі

6. Орталық аттестациялық комиссияға материалдарды:

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының алқа төрағалары мен судьяларына - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы;

2) облыстық және соларға теңестірілген соттардың төрағаларына - Әділет министрі ұсынады.

7. Аймақтық аттестациялық комиссияларға материалдарды:

1) облыстық және соларға теңестірілген соттардың алқа төрағалары мен судьяларына - облыстық және соларға теңестірілген соттардың төрағаларын;

2) барлық басқа соттардың судьяларына - облыстық және соларға теңестірілген әділет басқармаларының бастықтары ұсынады.

8. Аттестациялануға тиіс судья жөнінде аттестациялық комиссияға:

1) оның кәсіби қызметіне берілетін бағаны, іскерлік және адамгершілік қасиеттері көрсетілуге тиіс мінездеме;

2) қаралған істердің саны мен сапасы, мерзімі және сот істерін қарау кезінде заңдылықтың сақталуы туралы соңғы үш жылдағы деректер;

3) судьялардың үстінен келіп түскен шағымдар мен олардың негізділігі жайында мәліметтер ұсынылады.

Ұсынылатын материалдарға судьялар біліктілік алқасының тәртіптік істер жөніндегі шешімдерді; судьяның атына жолданған жоғары тұрған соттардың жеке ұйымдары мен хаттары; шағымдарды тексерудің нәтижелері мен судьяның кәсіби қызметіне және адамгершілік қасиеттеріне қатысты басқа да деректер қоса берілуге тиіс. Бұл ретте судьялардың нақты істер жөнінде есеп бермейтіндігі туралы Конституция талабы бұлжымай сақталуға тиіс.

Судья өзіне берілген мінездемемен және басқа да материалдармен таныстырылуға тиіс.

9. Аттестациялау басталғанға дейін қажет болған жағдайда қосымша тексеру жүргізілуі мүмкін, оны комиссия төрағасы комиссия мүшелерінің біріне тапсырады, қосымша құжаттар мен материалдар соның ішінде сот істері талап етіліп алынуы мүмкін.

10. Аттестациялау комиссияның отырысы оның мүшелерінің жалпы санының көпшілігі қатысқан жағдайда құқылы.

11. Комиссияның отырысында хаттама жүргізіледі. Хаттамада отырыстың уақыты мен орны, комиссияның құрамы, аттестацияланатын судьяның тегі, аты-жөні және лауазымдық жағдайы, комиссия қабылдаған шешім көрсетіледі.

12. Аттестациялау аттестацияланатын судьяның қатысуымен жүргізіледі. Судья екінші рет дәлелсіз себеппен қатыспаған жағдайда аттестациялау оның қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

13. Орталық аттестация комиссиясында аттестациялау Жоғарғы Соттың тиісті алқасы төрағасының баяндауымен басталады. Алқа төрағаларына қатысты материалдары Жоғарғы Соттың Төрағасы баяндайды.

Аймақтық аттестациялау комиссиясында аттестациялау төрағалық етушінің немесе оның тапсыруы бойынша ұсынылған материалды алдын ала зерделеуді жүргізген комиссия мүшелерінің бірінің баяндауымен басталады. Бұдан кейін аттестацияланатын адам тыңдалады.

14. Комиссия аттестацияланатын адамның судья ретіндегі кәсіби білімін, тәжірибесі мен жұмысының сапасын осы Ереженің 8-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде айқындайды.

Комиссия аттестацияланатын адамның адамгершілік қасиеттерін ол жөнінде ұсынылған материалдар мен комиссияның отырысына алдын-ала материалдар дайындау нәтижесінде алынған деректер бойынша айқындайды.

15. Аттестациялау әңгімелесу түрінде жүргізіледі.

Аттестациялау барысында судьяға материалдық және іс-жүргізу заңдары, тізбесін Жоғарғы Соттың Төрағасы мен Әділет министрі бекітетін соттардың жұмысын ұйымдастыру мәселелері жөнінде сұрақтар қойылуы мүмкін. Сұрақтарға аттестацияланатын адам жазбаша жауап қайтарады, жауабы аттестация материалдарына қосылады.

### III. Комиссияның шешімдері және оларға шағымдану тәртібі

16. Аттестациялау нәтижелері бойынша аттестацияланатын адамның кәсіби біліміне, жұмыс тәжірибесі мен сапасына, адамгершілік қасиеттеріне қарай комиссия мына шешімдердің бірін қабылдайды;

- 1) атқарып отырған лауазымына сай келеді;
- 2) атқарып отырған лауазымына сай келмейді.

17. Республика Жоғарғы Сотының аттестациядан өткен судьяларына Парламенттің Сенаты Республика Президентінің Республика Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынысы бойынша тұрақты судьялардың өкілеттіктерін береді.

Облыстық және соларға теңестірілген соттардың аттестациядан өткізілген судьяларына Республика Президенті Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша тұрақты судьялардың өкілеттіктерін береді.

Бұл ретте Жоғары Сот Кеңесіне Жоғарғы сот судьяларына материалдарды Жоғарғы Сот Төрағасы, ал облыстық және соларға теңестірілген соттардың судьяларына - Әділет министрі береді.

18. Қазақстан Республикасы басқа соттарының судьяларына Әділет министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті тұрақты судьялардың өкілеттіктерін береді.

19. Судьяның атқаратын қызметіне сай келмейтіндігі туралы комиссия қорытындысы жеке дәлелді шешіммен ресімделеді. Өзге шешімдердің хаттамалық сипаты болады.

Шешімдер мен хаттамаларға төрағалық етуші мен комиссия мүшелері қол қояды. Шешіммен келіспейтін комиссия мүшесі өз пікірін жазбаша түрде баяндауға хақылы.

20. Аттестациялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

Аттестациялау нәтижелері судьяға дауыс беруден кейін дереу хабарланады. Комиссияның шешімі судьяға оның өтініші бойынша берілуі мүмкін.

21. Аттестациялық комиссияның судьяның атқаратын қызметіне сай

келмейтіндігі туралы шешіміне "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 84-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен шағымдануға болады.

#### IV. Қорытынды ережелер

22. Аттестациялық комиссияның судьяның атқаратын қызметіне сай келмейтіндігі туралы шешімі "Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 47-бабы 1-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес белгіленген тәртіппен оны қызметінен босату үшін негіз болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК